



XFTAP 04.57.61

Ф.М. Аширбаева

А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: farida.ashirbaeva@mail.ru)

Әлеуметтануда ерлер белсіздігінің зерттелуі

Аңдатпа. Халықтың репродуктивтік денсаулығының жағдайы - қоғамдық-саяси мүдде ретінде тек медициналық ғана емес, әлеуметтік мәселе. Мақалада ерлер белсіздігі мәселесінің әлеуметтануда зерттелуі туралы баяндалады. Отбасы және неке институтындағы негізгі мәселенің бірі ерлер мен әйелдердің фертильдік қабілетінің төмендеуі демографиялық дамудың репродуктивті мүмкіндіктерін төмендететін туу деңгейіне тікелей ықпал ететін және фертильдікті анықтайтын негізгі детерминант — бала туудың табиғи қабілеті екені сөзсіз. Мақалада ерлер денсаулығына қатысты шетелдік зерттеушілердің еңбектері қарастырылған. Бұл мақала белсіздіктен туындайтын мәселелердің салдары туралы білімді толықтырады.

Ерлер белсіздігін зерттеу отбасы институтының өмірлік әлемін қалыптастырудағы әлеуметтік-мәдени контексттің маңыздылығы тұрғысынан зерттеуді қажет етіп отыр, себебі отбасындағы балалы болу мәселесі қазіргі күнге дейін тек «әйелдер мәселесі» ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: ерлер белсіздігі, ауру, денсаулық, отбасы, репродуктивті мінез-құлық, әлеуметтік кеңістік.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-136-3-282-288>

Кіріспе

Соңғы онжылдықтарда дәстүрлі отбасылық неке құндылықтарының өзгеруі байқалады. Қазіргі жастардың фертильдік қабілетінің төмендеуі, кеш неке құруы, бала тууды кейінге қалдыруы және жас отбасылардың алдыңғы ұрпақтарға қарағанда орташа балалары аз екендігінен көрінеді. Егер бұрын мұндай тенденция дамыған елдерге ғана тән

болса, қазір Қазақстанда да көрініс тауып отыр.

Халықтың репродуктивті денсаулығы - өмірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайымен тығыз байланысты, тууды жүзеге асырудың маңызды факторы. Оған ұрықтану, бала көтеру және уақытымен босану процесі жатады. Репродуктивті мінез-құлықтың өзгеруі, жыныстық өмірдің ерте басталуы, тиімділігі төмен контрацепцияны қолдану және бала

туудан саналы түрде бас тартуға дейінгі әрекетпен қатар бала тәрбиесінің жыныстық компонентіне жеткілікті дәрежеде көңіл аудармаудың объективті және субъективті салдарымен сипатталады. Туудың төмен деңгейі халықтың азаюына, демек, оның құрылымындағы жастар үлесінің төмендеуіне әкеле отырып, елдің дамуы үшін айтарлықтай демографиялық қауіп төндіреді. Демографиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, инновациялық дамуға көшу қажеттілігі отбасындағы беделілік пен белсіздікке ықпал ететін факторларды зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Мәселенің өзектілігі

Отбасындағы ерлер белсіздігі демографиялық дамудың репродуктивтік мүмкіндіктерін төмендете отырып, елеулі мәселеге айналуға, бұл жағдай туу деңгейінде көрініс табады және қосалқы репродуктивтік технологияларды дамытуға әлеуметтік тапсырысты қалыптастырады. Айта кету керек, халық денсаулығы әлеуетінің төмендеуі - репродуктивті мінез-құлық пен тууды шектейтін маңызды фактор. Халықтың демографиялық ресурсын іске асырудың маңызды факторы ұлттың репродуктивтік денсаулығы. Қазіргі заманғы мамандар: демографтар, әлеуметтанушылар, денсаулық сақтауды ұйымдастырушылар, дәрігерлер репродуктивті денсаулық саласындағы қазіргі жағдайға өте сақтықпен қарайды. Репродуктивті денсаулық мәселелері әлеуметтік факторлармен, өмір салтымен, созылмалы аурулармен репродуктивті денсаулық мәселелері туралы жеткіліксіз ақпаратпен тығыз байланысты.

Балалардың дүниеге келуіне тек отбасы ғана емес, мемлекет те, жалпы қоғам да мүдделі. Елдегі халықтың қарапайым көбеюі үшін әр отбасында 2-3 бала болуы керек. Сонымен қатар, отбасылардың басым көпшілігінде бір ғана бала болған кезде, «халық қартайды» яғни оның құрылымында қарттар мен қарттардың үлесі артады. Бұл жас және білікті мамандардың ақыл-ой әлеуетін пайдалану мүмкіндігі қысқаратынын білдіреді. Әрине, мемлекет экономикасы мен халықтың жеке

әл-ауқаты осыдан зардап шегеді, сондықтан мемлекеттің негізгі міндеті — қалаулы және дені сау балалардың дүниеге келуіне қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдай жасау.

Репродуктивті денсаулық жағдайы көбінесе адамның өмір салтымен, сондай-ақ жыныстық өмірге жауапкершілікпен байланысты. Өз кезегінде, мұның бәрі отбасылық қатынастардың тұрақтылығына, адамның жалпы әл-ауқатына ықпал ететіндігі сөзсіз.

Ұрпақ денсаулығы мәселелері біздің елімізде дәстүрлі түрде «ана мен бала денсаулығын қорғау» аспектісінде қаралады. Ер адам дәрігерлер мен денсаулық сақтауды ұйымдастырушылардың, соның ішінде тиісті ғылыми және әлеуметтік бағдарламаларды жасаушылардың назарынан тыс қалады. Бұл ерлердің репродуктивті денсаулығына байланысты мәселелердің болуын болжайды. Статистикалық деректер беделілікте ер адамның «кінәсінің» жоғарылағанын көрсетеді.

Соңғы жылдары беделілік мәселесі өзекті бола түсуде. ДДСҰ мәліметтері бойынша репродуктивті жастағы жұптардың 15% -20% беделілікке ұшырайды. 2017 жылы 25000 қазақстандық ер адам «Ерлер денсаулығы орталығының» скринингтік зерттеуіне қатысты. Зерттеу нәтижесінде ерлердің 30% белсіздік, 44,2% инфекция жұқтырған, ал 56,3% астамы жыныстық жолмен берілетін инфекциялармен ауырады, ал жартысы эректілі дисфункциямен ауырады. Нәтижесінде, ерлі-зайыптылардың шамамен 20% балалы бола алмайды [1], бірақ соған қарамастан ер адамдар дәрігерлерге сирек жүгінеді.

Ерлер белсіздігімен күрес сапасын арттыру үшін 2019 жылы 24-26 қазан аралығында Алматыда Орталық Азия урологтар конгресі (CACU) ұйымдастырылды. Қазақстандық дәрігерлер үш күн бойы әлемдік урологтар қауымдастығындағы әріптестерінен тәжірибе алмасып, білім алды. Олардың арасында Ресей, Иран, Түркия және басқа да елдердің медициналық мамандары болды[2]. Себебі, ерлердің фертилілік қабілетін қайта жақсарту - стратегиялық және ұлттық мәселе.

2017 жылғы статистика бойынша, Қазақстанда отбасы құрған жұптардың 15% бел-

сіздікке шалдыққан. Егер бір жылда шамамен 150 мың неке тіркеледі десек, оның 15%, яғни 20-21 мың жұп - баласыз. Олардың 60% әр түрлі жолдармен (гормонды дәрі-дәрмек ішіп, ота жасатып) емделеді. 40% қосымша репродуктивті технологияларға жүгінеді. 40% әйелдердің бедеулігінен, 30% ерлердің белсіздігінен, 30% екеуінен бірдей болғандықтан жылына 6500 жұп экстракорпоралды ұрықтандыру жасатады. Мемлекет бөліп отырған квота мұқтаж жұптардың жартысына да жетпейді. 2019 жылы бөлінген 902 квота мұқтаж жұптардың тек 17% ғана қамтиды. 2021 жылы мемлекет квота санын 7000 өсіріп отыр[3].

Зерттеу объектісі. Қазақстандағы белсіздік ауруына ұшыраған ерлер.

Тарихы

Ерлер белсіздігі себептерінің арасында әртүрлі әлеуметтік-экономикалық және медициналық-әлеуметтік қауіп факторлары бар, сондықтан әлеуметтануда ерлер белсіздігі мәселесінің заманауи аспектілері мен даму факторларын анықтаудағы әлеуметтанулық талпыныстың маңызы зор.

Шетелдік ғалымдар гендерлік аспектідегі демографиялық мәселелерге назар аударды, ал зерттеулер әйелдердің жартысына қарағанда, ерлердің өмір сүру ұзақтығы мен сапасы, сондай-ақ ерлердің белсіздігінің артуы сияқты екі негізгі теріс тенденцияны атап отыр. Бұл фактілер әлеуметтік-мәдени нормалар, көзқарастар мен стереотиптер ерлердің денсаулығына ықпал ететіндігін көрсетеді. Ерлер арасында денсаулық мәдениетінің төмен деңгейі және салауатты өмір салтына назар аудармауы, сонымен қатар ер адамдар көбінесе денсаулығының жай-күйін асыра бағалай бермейді.

Фертильді жастағы ерлердегі белсіздіктің даму қаупі әлеуметтік-экономикалық факторларын кешенді бағалап, одан әрі медициналық-әлеуметтік зерттеулер жүргізу өзекті міндет болып қалатынын көрсетеді, бұл ерлердің белсіздігін алдын алу және еңсеру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Егер «белсіздік - әлеуметтік ауру» деп қарастыратын болсақ, батыстық әлеуметтанушылар денсаулық пен ауруды объективті өлшенетін жағдай ретінде емес, әлеуметтік-мәдени контексте зардап шегетін және басқалар талқылайтын әлеуметтік категориялар ретінде жақсы түсінеді деп тұжырымдайды. Ерлер белсіздігін зерттеу отбасы институтының өмірлік әлемін қалыптастырудағы әлеуметтік-мәдени контекстің маңыздылығы тұрғысынан зерттеуді қажет етеді. Себебі отбасындағы балалы болу мәселесі қазіргі күнге дейін «әйелдер мәселесі» ретінде қарастырылады.

Белсіздікті медициналық тұрғыдан қарасақ, Мишель Фуконың медициналық идеяларына сәйкес аурудың симптомы бар сонымен қатар «аурулар дәуірмен және қоршаған ортамен бірге өзгереді» өз кезегінде ауру кеңістік (әлеуметтік кеңістік) тұрғысынан салыстырмалы құбылыс, өйткені ауру патогендік факторлардың әсерінен мүшелер мен жасушалардың зақымдалуымен, зақымдануды жоюға бағытталған қорғаныс реакцияларының дамуымен сипатталатын ағзаның жағдайы ретінде анықталады, әдетте организмнің қоршаған орта жағдайына бейімделуінің шектелуімен және еңбекке қабілеттілігінің төмендеуімен немесе жоғалуымен бірге жүреді [4, 687].

Зерттеу әдістері

Шетелдік зерттеулер негізінде әртүрлі мәліметтер жиынтығында жүргізілген осы тақырып бойынша тәуелсіз зерттеулердің көптігін қолдана отырып, деректерді синтездедік, талдау жасап, салыстырдық және біріктірдік. Сонымен қатар, белсіздік пен бедеулік арасындағы байланыс уақыт пен кеңістікте қалай өзгергендігіне зерттеуге талпыныс жасалды.

Талқылау

М.Фуко классикалық медицинадан жаратылыстану ғылымына тұжырымдамалық көшуді көрсететін аурудың әлеуметтік сипатына баса назар аударады. Денсаулықты салыстырмалы ұғым ретінде сипаттауға болады, мы-

салы, денсаулық - тарихи белгілі бір мәдениеттің антропологиялық бейнесі, яғни адамзат дамуының белгілі бір кезеңінде адам мүмкіндіктерінің толықтығын бейнелейтін адам бейнесі. Адамның денесі мен санасын сипаттайтын «симптом», «ауру» және «денсаулық» сияқты ұғымдар табиғи дененің өзімен тікелей байланысты емес. Бұл ұғымдарды табиғи шындық тұрғысынан анықтау дәстүрлі медицинаны құлдырауға алып келді, мұнда нақты диагноз қою және ауруды зерттеу маңызды. Қазіргі жаратылыстану ғылыми медицинада гуманитарлық құндылық болып табылатын пациенттің өмірі мен денсаулығы ең жоғары құндылық, бұған әлеуметтік құндылықтардың медицинаның ғылыми саласына енуінің мысалы бола алады.

Ерлердің белсіздігін әлеуметтанулық әдебиеттерде зерттелуін қарастыра отырып, байқағанымыз тарихи басым болған сандық, сапалық немесе клиникалық бағыттағы зерттеулерге баса назар аударылады. Сандық және клиникалық жұмыстар ерлер белсіздігінің «өмірлік тәжірибесін» түсінудің жолын ұсынбайды, керісінше, эмоциялық аспекті тұрғысынан ерлердің әйелдерге деген көзқарасына назар аудара отырып, қоғам тарапынан «ұят» немесе «қасірет» арқылы түсіндіріледі. Бұған дәлел ретінде 1996 жылы жазылған М.Ллойдтың *Condemned to be meaningful: Non-response in studies of men and infertility* [«Маңыздылық маңдайына жазылған: ерлер мен бедеулікке қатысты зерттеулерде жауаптың болмауы»] еңбегінде, белсіздікті «еркектік дағдарыс» ретінде бастан кешіретін, сонымен қатар ерлерге «күшті» эмоциялық ықпал ететін және белсіздікті стигматизациялау туралы идеялар ұсынылған зерттеуі [5, 433-454]. М.Ллойд осы еңбегінде ерлердің белсіздігін түсінудің жолын ұсынады, бірақ ерлердің белсіздікті қалай сезінетіні және қоғамның оған реакциясы туралы толық мәлімет бермейді, сондықтан бұл жұмыста біз әлеуметтануда ерлер белсіздігін зерттеудің өзектілігі отбасында ер адамдар белсіздіктен қалай эмоциялық түрде зардап шегеді; ер адамдар белсіздік мәселесін басқаларға қалай таныстырады және белсіздікке қатысты қандай қолдау іздейді; немесе әр түрлі әлеуметтік желілердегі блогтар, интернет-фо-

румдар сияқты аспектілер арқылы онлайн қолдау ер адамдар іздейтін қолдауға қалай сәйкес келеді; ерлердің белсіздік тәжірибесінде өзін «нағыз» ер ретінде сезіне алуы; ер адамдар белсіздіктің стигматизацияланған диагнозын қалай сезінеді; мұндай стигматизация белсіздікке бағытталған кезде отбасының өмірлік әлеміне қалай ықпал етеді; әке болуға деген ықыласы олардың белсіздікті емдеуге деген көзқарасына қаншалықты ықпал етеді; ер адамдар белсіздікті емдеуді немесе асырап алуды таңдау процесін қалай қарастырады; ұзақ мерзімді белсіздіктің нәтижесінде балалы бола алмаған жағдайда жұбайларымен қарым-қатынасы; белсіздіктің отбасы өмір сапасы мен әл-ауқатына ықпалы қандай болатынын; ерлердің белсіздігін әлеуметтануда зерттеу ерлердің әлеуметтік-мәдени, экономикалық контексте әке болуға деген ұмтылысы тұрғысынан зерттеу міндетін қойды.

Ф.Херрера, 2013 жылы *Journal of Family Issues* [«Отбасылық мәселелер журналы»] журналына жарияланған *Men always adopt: Infertility and reproduction from a male perspective* [«Ер адамдар әрқашан таңдайды: ерлердің белсіздік пен балалы болуға көзқарасы»] атты мақаласында белсіздікті зерттеуде сандық зерттеулердің басым бағыты, ал сапалы зерттеулер көбінесе әйелдерге немесе ерлі-зайыптыларға арналған сұхбаттарға назар аударады деп жазды [6, 1059-10806].

Р.Уэбб және Ж.Данилюк 1999 жылы ерлердің белсіздігі туралы өздерінің *The end of the line: Infertile men's experiences of being unable to produce a child* [«Жолдың соңы: балалы бола алмайтын белсіз ерлер тәжірибесі»] феноменологиялық зерттеулерін жариялаған кезде, ерлердің белсіздікке жауап беруін зерттеу мақсатымен бірнеше зерттеулер ғана жүргізілгенін атап өтті. Сонымен қатар ерлі-зайыптылардың фертильдік қабілеті бұзылуының факторларын терең зерттеу керектігін атады [7, 6-256].

Ерлер белсіздігін зерттеуші ғалымдар А. Грейл, К.Слаусон-Блевинс және Ж.Маккуилланның *The experience of infertility: A review of recent literature* [«Бедеулік тәжірибесі: соңғы әдебиеттерге шолу»] еңбегінде атап өткендей, қазіргі кезде әлеуметтанушылар бедеулік

пен белсіздікті әлеуметтік контексте зерттеуге көшуде, дегенмен бұрынғы жұмыстардың клиникалық бағыты сақталуда сонымен қатар медициналық шеңберден шыға алатын сапалы зерттеулердің маңыздылығы артпақ[9, 130-1426].

1997 жылы жазылған А.Грейл зерттеулеріндегі Infertility and psychological distress: A critical review of the literature [«Белсіздік және психологиялық күйзеліс: әдебиетке сыни шолу»] ерлердегі белсіздік әйелдер бедеулігі мәселесімен салыстырғанда, ерлер үшін түбегейлі «өзгеше тәжірибе» деген болжамды ескеріп, ерлердің белсіздік тәжірибесі туралы және оның әлеуметтік-экономикалық салдарын зерттеудің маңызды екендігін көрсетіп отыр[10, 609-7046].

Ерлер белсіздігімен байланысты стигматизацияны ескере отырып, отбасында фертилдік мәселесі орын алған жағдайда әйел «кінәлі» болып саналады. Бұны қазақ қоғамындағы отбасындағы ер адамның мәртебесімен, сондай-ақ қоғамның «белсіз» еркекке деген теріс көзқарасы түсіндіреді.

Қорытынды

Ерлердің белсіздік факторы көбінесе жыныстық дисфункция идеяларымен және өзін толыққанды тұлға ретінде сезіне алмауы ретінде қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі белсіздік және ерлердің репродуктивті денсаулығындағы мәселелердің отбасы институтына ықпалын зерттеу, бедеуліктің тек «әйел мәселесі» емес екенін көрсетіп отыр.

Репродуктивті мінез-құлықтың өзгеруі, жыныстық өмірдің ерте басталуы, ерлі-зайыптылардың тиімділігі төмен контрацепцияны қолданумен және бала туудан саналы түрде бас тартуға дейінгі қатынастардың төмендеуімен сипатталады. Туудың төмен деңгейі халықтың азаюына, демек, оның құрылымындағы жастар үлесінің төмендеуіне әкелуі елдің дамуы үшін айтарлықтай демографиялық қауіп төндіреді.

Белсіздік мынадай әлеуметтік мәселелерді туғызды: Қазақстандағы демографиялық жағдай көптеген жылдар бойы ұлттық ауқымдағы негізгі медициналық және әлеуметтік мәселелердің бірі. Мемлекеттің тұрғындардың фертилдік қабілетін арттыру жөніндегі мақсатты қызметіне қарамастан, Қазақстан Республикасының көптеген субъектілеріндегі халықтың табиғи өсуі салыстырмалы түрде төмен деңгейде. Мұндай демографиялық жағдайдың көптеген себептерінің ішінде халықтың репродуктивті денсаулығының қанағаттанарлықсыз жағдайы, сонымен қатар ұзақ мерзімді белсіздік үлкен нейропсихикалық шиеленісті тудырады және ажырасуға, қоғамға қарсы мінез-құлық (некеден тыс қарым-қатынас, маскүнемдік), ерлі-зайыптылардағы жыныстық ауытқушылық болуы мүмкін. Фертилділік туудың шарты бола отырып, халықтың репродуктивті мінез-құлық демографиялық дамуды басқарудың ғылыми негізделген тетіктерін іздеуді талап етеді, сонымен қатар зерттеудің өзектілігін, ғылыми және практикалық маңыздылығын анықтайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Бесплодие мужчин в Казахстане [Электронный ресурс]. – 2017. – URL: <https://ustinka.kz/kz/kazakhstan/society/31922.html> (дата обращения: 4.11.2017).
2. Урологиялық аурулар жасарып келе жатыр ма? Әлемде одан зардап шегушілер неге жыл өткен сайын көбеймесе азаймай отыр? [Электронный ресурс]. – URL: 2019. <https://yvision.kz/post/843596> <https://casu.asia/ru/> (дата обращения: 30.10.2019)
3. Бездетных пар в Казахстане становится все больше [Электронный ресурс]. – 2018. – URL: <https://www.zakon.kz/4944494-bezdetnyh-par-v-kazahstane-stanovitsya.html> (дата обращения: 4.11.2018).
4. Фуко М. Рождение клиники. - М.: Академический проект, 2010.

5. Lloyd, M. (1996). *Sociology of Health & Illness*, 18, 433-454.
6. Herrera, F. (2013). «Men always adopt»: Infertility and reproduction from a male perspective. *Journal of Family Issues*, 34, 1059-1080.
7. The end of the line: Infertile men's experiences of being unable to produce a child. *Men and Masculinities*, 2, 6-25.
8. Throsby, K., & Gill, R. (2004). It's different for men: Masculinity and IVF. *Men and Masculinities*, 6, 330-348.
9. Greil, A., Slauson-Blevins, K., & McQuillan, J. (2010). The experience of infertility: A review of recent literature. *Sociology of Health & Illness*, 32, 140-162.
10. Greil, A. L. (1997). Infertility and psychological distress: A critical review of the literature. *Social Science and Medicine*, 45(11), 679-704.

References

1. Besplodie muzhchin v Kazahstane [Male infertility in Kazakhstan] [Electronic resource]. - 2017. Available at: <https://ustinka.kz/kz/kazakhstan/society/31922.html> (Accessed: 04.11.2017).
2. Urologijalyk aurular zhasaryp kele zhatyr ma? Alemde odan zardap shegushiler nege zhyl otken sajyn kobejmese azajmaj otyr? [Are urological diseases rejuvenated? Why are there more and less people suffering from it in the world every year?] [Electronic resource]. - 2019. Available at: <https://yvision.kz/post/843596> <https://cacu.asia/ru> (Accessed: 30.10.2019).
3. Bezdetnyh par v Kazahstane stanovitsja vse bol'she [There are more and more childless couples in Kazakhstan] [Electronic resource]. - 2018. <https://www.zakon.kz/4944494-bezdetnyh-par-v-kazahstane-stanovitsya.html> (Accessed: 04.11.2018).
4. Fouko M. Rozhdenie kliniki [Birth of clinics] (Akademik proekt, Moscow 2010).
5. Lloyd M. *Sociology of Health & Illness*, 18, 433-454 (1996).
6. Herrera F. «Men always adopt»: Infertility and reproduction from a male perspective. *Journal of Family Issues*, 34, 1059-1080 (2013).
7. The end of the line: Infertile men's experiences of being unable to produce a child. *Men and Masculinities*, 2, 6-25
8. Throsby K., & Gill, R. It's different for men: Masculinity and IVF. *Men and Masculinities*, 6, 330-348 (2004).
9. Greil A., Slauson-Blevins, K., & McQuillan, J. The experience of infertility: A review of recent literature. *Sociology of Health & Illness*, 32, 140-162 (2010).
10. Greil A. L. Infertility and psychological distress: A critical review of the literature. *Social Science and Medicine*, 45(11), 679-704 (1997).

Ф.М. Аширбаева

Евразийский национальный университет им. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Исследование бесплодия в социологии

Аннотация. Состояние репродуктивного здоровья населения - вопрос не только медицинский, но и социальный, представляющий общественно-политический интерес. В статье с социологической точки зрения рассматривается проблема мужской импотенции. Несомненно, одной из основных проблем в институте семьи и брака является то, что снижение фертильности мужчин и женщин напрямую влияет на рождаемость и снижает репродуктивные возможности демографического развития. Основным детерминантом, определяющим фертильность, является естественная способность к рождению ребенка. В работе рассматриваются труды зарубежных исследователей, касающиеся мужского здоровья, представлены дополнительные данные о последствиях проблем, возникающих из-за импотенции.

Мужская импотенция требует изучения с точки зрения значимости социокультурного контекста в формировании жизненного мира института семьи, поскольку проблема рождения ребенка в семье до настоящего времени рассматривалась только как «женская проблема».

Ключевые слова: мужская импотенция, болезнь, здоровье, семья, репродуктивное поведение, социальное пространство.

F.M. Ashirbayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

The study of male infertility in sociology

Abstract. The state of reproductive health of the population as a socio - political interest is not only a medical, but also a social issue. The article describes the study of the problem of male infertility in sociology. Undoubtedly, one of the main problems in the institution of family and marriage is the decrease in the fertility capacity of men and women, which directly affects the birth rate and reduces the reproductive capabilities of demographic development. The main determinant of fertility is the natural ability to conceive a child. The article complements the knowledge of the consequences of problems arising from infertility.

The article examines the works of foreign researchers on men's health. The study of male infertility requires a study by the Institute of the family in terms of the importance of the socio-cultural context in shaping the life-world because the issue of having children in the family is still considered only as a «women's problem».

Keywords: male impotence, illness, health, family, reproductive behavior, social space

Автор туралы мәлімет:

Аширбаева Ф.М. – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1 курс докторанты, Сәтпаев көш., 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ashirbaeva F.M. – The 1st year Ph.D. student, L. N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., Nur-Sultan, Kazakhstan.